

Осы мақсатта «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды дәріптеуге, оқырмандық қызығушылықты қалыптастыруға және отбасын оқу үдерісіне тартуға бағытталған бірқатар іс-шаралар жоспарланып, өткізілді.

Кітапханаға экскурсия

Қыркүйек айында оқушылар мұғалімдерімен бірге мектеп кітапханасына экскурсия жасады.

Экскурсияның мақсаты:

- балаларды көбірек кітап оқуға ынталандыру;
- кітап оқудың есте сақтау қабілетін жақсартатынын түсіндіру;
- сөйлеу мәдениетін дамыту;
- тәрбиелі, мейірімді, адал және білімді тұлға қалыптастыруға кітаптың ықпалын көрсету.

Экскурсия барысында оқушыларға кітапты пайдалану ережелері түсіндіріліп, кітаптың шығу тарихы туралы мағлұмат берілді. Сонымен қатар төмендегі ұғымдармен таныстырылды:

- абонемент;
 - оқу залы;
 - кітап құрылымы;
 - кітапхана қоры.
- Экскурсиядан кейін көптеген оқушылар кітапханаға жазылып, тұрақты оқырмандар қатарына қосылды.

Мәнерлеп оқу байқаулары

Жыл бойы мектепте келесі тақырыптар бойынша мәнерлеп оқу байқаулары ұйымдастырылды:

- «Күз»;
- «Қыс»;
- «Ана»;
- «Көктем».

Оқушылар бұл байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Байқаулардың негізгі мақсаты:

- поэзияға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту;
- көркем сөз мәдениетін жетілдіру.

Оқырман күнделіктері

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқырман күнделіктерін жүргізу ұсынылды.

Оқырман күнделігі:

- баланың есте сақтау қабілетін дамытады;
- шығарманы талдауға үйретеді;
- негізгі ойды анықтауға көмектеседі;
- өз пікірін еркін жеткізуге баулиды.